



Пайдалану
жөніндегі
нұсқаулық

ЛАЗЕРЛІК
ДАЛЬНОМЕР
АМО В30



Аспапты бірінші пайдаланар алдында осы басшылықпен мұқият танысуды кеңес береміз.

Осы басшылықта келтірілген ұсынымдарды бұзу пайдаланушының немесе басқа адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Аспапта II класты лазерлік сәулелену пайдаланылады. Лазерлік сәулені көзіңізге, сондай-ақ адамдар мен жануарларға бағыттауға қатаң түрде тыйым салынады. Аспапты балалардан аулақ сақтаңыз.

Сәулені жылтыр және шағылыстыратын беттерге (айнаға және т.б.) бағыттамаңыз.

Дальномер тек мамандардың пайдалануына арналған. Аспапты алдың ала дайындалмаған адамдарға бермеңіз.



Аспапты бұрыс қолдану аспаптың зақымдануына немесе өлшеу дәлдігіне әсер етуі мүмкін.

Аспапты бөлшектемеңіз және өзіңіз жөндемеңіз, оның құрылымын өзгертуге тырыспаңыз. Техникалық проблемалар туындаған кезде дилерге немесе сервиске хабарласыңыз.



Жұмыс істеп тұрған аспап электромагниттік сәуле шығару көзі болып табылады. Жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын объектілердің жанында, ұшақтардағы аспапты қоспаңыз.

Құрал мен аккумуляторды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз, оларды жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.


Дисплей және түймешіктер




Құралды қосу/сөндіру.

Аспапты қосу үшін  түймешікті басып, біраз ұстап тұрыңыз. Өшіру үшін  түймешікті басып, ұстап тұрыңыз. Дисплей 30 секунд әрекетсіздіктен кейін, ал аспап 8 минуттық әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде өшеді.

Өлшемдердің санақ нүктесін өзгерту.


Аспап іске қосылулы кезде түймешігін  басу өлшемдердің санақ нүктесін ауыстырады. Аспапты қосан кезінде санақ нүктесі әдепкі бойынша орнатылады - аспаптың төменгі шетінен (жағынан), яғни өлшеу нәтижесі аспаптың ұзындығын қамтиды. Есептеу нүктесін аспаптың жоғарғы бөлігіне ауыстырған (өзгерткен) жағдайда, нәтиже аспаптың ұзындығын қамтымайды.



Өлшем бірліктері.  батырмасын ұзақ басу өлшем бірліктерін таңдау функциясын іске қосады - метр, фут, дюйм.




Ұзындық	0,000 м	0,00 м	0,00 м	0,01/18	0,0 дюйм	01/18 дюйм
Аудан	0,00 м ²	0,00 м ²	0,00 фут ²	0,00 фут ²	0,00 фут ²	0,00 фут ²
Көлем	0,000 м ³	0,00 м ³	0,00 фут ³	0,00 фут ³	0,00 фут ³	0,00 фут ³

Өлшеу нәтижелерін жою. Соңғы әрекетті болдырмау үшін қысқа уақыт ішінде C/OFF (белгіше) түймешігін басыңыз. Бұлтүймешекті басу соңғы өлшеу нәтижесін өшіреді, мысалы, көлемді/ауданды есептеу үшін дұрыс берілмеген (еңгізілген) мән кезде және т. б.



Өлшемдер.



Жеке және үздіксіз өлшеу. Қосылған күйде лазерді қосу үшін  түймешігін бір рет. Өлшеу жүргізу үшін осы түймешікті тағы да басыңыз. Өлшеу аяқталғаннан кейін лазер автоматты түрде өшіріледі. Дисплейдегі индикатор шағылысқан сигналдың қуатын көрсетеді, сегменттер неғұрлым аз болса, сигнал соғұрлым әлсіз болады.


Ұзақ уақыт бойы (шамамен 2 секунд)  батырмасын басы аспапты қашықтықты үздіксіз өлшеу режиміне ауыстырады. Өлшеу кезінде дисплейдің негізгі экранында ағымдағы қашықтық көрсетіледі, көмекші (қосалқы) экранда - осы өлшем циклінің ең аз және ең жоғары мәні көрсетіледі. Жаңадан  қысқа басы өлшеу процесін тоқтатады және нәтижелерді дисплейде тіркейдію.


Ауданды өлшеу. Аспапты қосыңыз,  түймешігін қысқаша басыңыз, ауданды өлшеу режимі іске қосылды. Экранда  – жыпылықтайтын жағы бар төртбұрыш бейнеленеді. Көздеу нүктесін таңдаңыз, қашықтықты өлшеу үшін  түймешігін басыңыз.

Төртбұрыш белгінің басқа жағы жыпылықтай бастайды. Екінші қашықтықты өлшеңіз, аспап ауданды автоматты түрде есептейді. Беттердің ұзындықтары көмекші (қосалқы) экранда көрсетіледі, ауданның мәні - төменде, негізгі экранда.

Көлемді өлшеу.  түймешігін қысқаша басыңыз - экранда  бейнеленбегенше. Аспап көлемді өлшеу режиміне кірді. Үш өлшем жүргізіңіз (ұзындық, ені, биіктігі), аспап нұсқаулықтың алдыңғы тармағындағы ауданды есептеуге ұқсас көлемді автоматты түрде көлемді есептейді.

Пифагор бойынша қол жетпейтін кесіндінің ұзындығын өлшеу. Экранда  белгісі көрінгенше  түймешігін қысқаша басыңыз. Экрандағы нұсқауларды ұстана отырып (үшбұрыш жақтарының жыпылықтауы), екі бөліктің ұзындығын өлшеңіз, аспап үшінші мәнді автоматты түрде есептейді.

Қосу функциясы. Өлшеу жүргізіңіз, содан кейін  түймешігін басыңыз, экранда "+" таңбасы пайда болады. Тағы бір өлшеу жүргізіңіз, аспап автоматты түрде нәтижелерді қосады. Өлшеу нәтижелерінің қосылуын шексіз жалғастыруға болады.

Алу функциясы. Өлшеу жүргізіңіз, содан кейін  түймешігін екі рет басыңыз, экранда "-" таңбасы пайда болады. Тағы бір өлшеу жүргізіңіз, аспап автоматты түрде нәтиже айырмашылығын есептейді. Өлшеу нәтижелерін шегеруді шексіз жалғастыруға болады.

Проблемалар туралы экрандық хабарлар және оларды шешу тәсілдері

Хабар	Хабар мәні	Шешім
B. L	Акумулятордың зарядының төмен дәрежесінің көрсеткіші	Акумуляторды зарядтаңыз
T. L	Тым төмен температура	Аспапты тек жарамды температуралық ауқымда пайдаланыңыз.
T. H	Тым жоғары температура	Аспапты тек жарамды температуралық ауқымда пайдаланыңыз.
D. H	Ауқымнан тыс шығу	Өлшеуді қайтадан жүргізіңіз
S. L	Тым әлсіз сигнал	Ең жақсы шағылысатын қабілеті бар нысанды таңдаңыз
S. H	Тым күшті сигнал	Шағылысатын қабілеті аз нысанды таңдаңыз
H.F	Бағдарламаның бұзылуы	Аспапты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер бұл көмектеспесе, дилерге немесе сервиске хабарласыңыз.

Аспапты күту

Дальномерді судан сақтаңыз, аспапты жоғары ылғалдылық кезінде пайдаланбаңыз және ылғалдылығы жоғары жерлерде сақтамаңыз. Қажет болған жағдайда тазалау құралдарын пайдаланбай дымқыл жұмсақ матамен аспапты ұқыпты сүртіңіз. Лазердің линзалары мен экранды оптикаға арналған құралдармен өңдеуге болады.

Техникалық сипаттамалар

Өлшем ауқымы	0,33-30 м*
Өлшеу дәлдігі	±2 мм
Өлшем бірліктері	Метр/фут/дюйм
Өлшеу жүргізу уақыты	0,1-3 сек
Лазер түрі	II класс, 635 nm, <1 мВт
Лазерді автоматты түрде өшірілуі	60 сек
Аспаптың автоматты түрде өшірілуі	480 сек
Санаң нүктесін өзгерту (ауыстыру)	+
Ауданды/көлемді өлшеу	+
Пифагор бойынша өлшеулер	+
Қосу/азайту функциясы	+
Қорек көзі	Li-Ion аккумуляторы 200 mAh
Жұмыс температурасы	0 °С-тан +40 °С-қа дейін
Сақтау температурасы	-20 °С-тан +60 °С-қа дейін
Өлшемдер	100 × 31 × 13 мм
Салмағы	29 г

Қолайсыз жағдайларда (тым жарық сәуле, жоғары температура, бетің жарықты нашар шағылыстыруы(көрсетуі)) өлшеу қателігі ± 1 мм/м дейін болуы мүмкін.

Жарық күн сәулесі кезінде өлшеу қашықтығын ұлғайту үшін немесе егер өлшенетін бет жарықты нашар шағылыстырса(көрсетсе), лазерлік нысананы пайдаланыңыз.



amo-tools.com

EAC

Made in China